

**Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті**  
**Инженерия факультеті**  
**Оқу-әдістемелік комитет мәжілісінің**

**№ 3 хаттама**

**Кентау қаласы**

**19.11.2025 ж.**

**Қатысқандар:** факультет деканы Нажи Генч, факультеттің Оқу-әдістемелік комитет төрағасы, доцент Г.Ж.Ниязова, Оқу ісі жөніндегі декан орынбасары Ж.С.Калимбетова, Ғылым және тәрбие ісі жөніндегі декан орынбасары А.Агабекова, кафедра меңгерушілері: техн.ғ.к., доцент З.Қ.Абдикулова, PhD, аға оқытушы А.Н.Аманов, кафедралардың оқу-әдістемелік жұмыстарына жауапты оқытушылар: Меирбекова О.Д., Баялы Ә.Т.

**Күн тәртібі:**

1. Бітіруші студенттер мен магистранттар, докторанттар үшін қорытынды аттестаттау пәндерінің тізімін талқылап, емтихандардың сұрақтарын талдау, бағдарламаларын бекітуге ұсыну және бітіру жұмысы формасын (диплом жұмысы/дипломдық жоба) анықтау.
2. Дипломдық, магистрлік докторлық жұмыстардың (жоба) тақырыптарын, жетекшілерін, пікір берушілерін талқылау, бекітуге ұсыну
3. Білім алушыларды оқыту мен білімін бақылаудың автоматтандырылған құралдарын оқу-әдістемелік және дидактикалық материалдар мен бағдарламалық өнімдерді әзірлеу және оқу процесіне енгізу
4. Білім алушылардың құзыреттерді меңгеру деңгейін бағалаудың факультетте жүзеге асырылу жағдайын талдау.
5. Кафедраларда оқытылатын пәндердің оқу-әдістемелік кешендермен камтамасыз етілуі және көрнекі оқу құралдарын (макеттер, модельдер, демонстрациялық стендтер және т. б.) жобалау және дайындау жағдайы
6. Әр түрлі мәселелер

**Бірінші мәселе бойынша сөз алған факультет деканы Нажи Генч** мырза бакалавриат, магистратура және докторантура деңгейіндегі бітіру жұмыстарының мазмұны мен құрылымы жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының талаптарына сәйкес әзірленетінін атап өтті. Бітіру жұмыстары білім беру бағдарламалары бойынша белгіленген күтілетін оқу нәтижелерін, кәсіби және зерттеушілік құзыреттерді қалыптастыруға бағытталатындығы ескертілді. Келесі сөз кезегін алған З.Абдикулова: Бакалавриат деңгейінде бітіру жұмыстары білім алушылардың алған теориялық білімін практикада қолдану қабілетін және кәсіби міндеттерді шешу дағдыларын айқындайтыны атап өтті. Магистратура деңгейіндегі бітіру жұмыстарының ғылыми-зерттеу және аналитикалық сипатта болып, өздігінен зерттеу жүргізу құзыреттерін қалыптастыруға бағытталғанын айтты. Ал, А.Аманов докторантура деңгейіндегі диссертациялық жұмыстардың ғылыми жаңалығының, теориялық және практикалық маңыздылығының, сондай-ақ авторлық үлестің айқын көрініс табуы міндетті екені аталды. Сонымен қатар бітіру жұмыстарының тақырыптары ғылыми бағыттардың басымдықтарына, еңбек нарығының сұраныстарына және академиялық адалдық қағидаттарына сәйкес

айқындалуы қажеттігін, ғылыми жетекшілердің және консультанттардың ғылыми дәрежелері мен тәжірибесі бітіру жұмыстарын сапалы орындауды қамтамасыз ету тиіс екендігін айтты.

Г.Ниязова: Бітіруші студенттер мен магистранттар, докторанттар үшін қорытынды аттестаттау тек дипломдық жоба, диссертация қорғау түрінде өтетіндігін атап айтты. Сонымен қатар, кафедралардан берілген ұсыныстар негізінде әзірленген бітіру жұмысы формасы студенттер үшін дипломдық жоба, магистранттар үшін магистрлік диссертация қорғау, докторанттар үшін ДҒЗЖ есебін тапсыру/докторлық диссертация қорғау туралы ақпаратпен таныстырды. Бітіру жұмысының формасын анықтауда білім беру бағдарламасының ерекшеліктерін ескерілгендігі айтылды.

### **Шешім 1.1:**

Бакалавриат, магистратура және докторантура оқу деңгейлері үшін бітіру жұмысының формасы білім беру бағдарламасына сәйкес бекітуге ұсынылсын.

**Екінші мәселе** магистрлік және докторлық диссертациялар Оқу әдістемелік кеңестің қазан айындағы мәжілісінде талқыланып, бекітуге ұсынылғандықтан дипломдық жоба тақырыптарын, жетекшілерін, пікір берушілерін талқылау, бекітуге ұсыну мәселесі бойынша сөз кезегін алған декан орынбасары Ж.Калимбетова дипломдық жобалардың тақырыптарын талқылауға ұсынып, олардың ғылым мен практиканың заманауи талаптарына сай әзірленгенін, білім беру бағдарламаларының бейініне және ғылыми-зерттеу бағыттарына сәйкес келетінін атап өтті. Дипломдық жобалардың ұсынылған тақырыптары жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының талаптарына, білім беру бағдарламаларының мақсаттары мен күтілетін оқу нәтижелеріне толық сәйкес келетінін атап өтті.

Сөз кезегін алған З.Абдикулова: Дипломдық жобалардың тақырыптары білім беру бағдарламаларының бейініне, кафедраның ғылыми-зерттеу бағыттарына және заманауи ғылым мен практиканың өзекті мәселелеріне сай айқындалғанын атап айтты. Ұсынылған ғылыми жетекшілер мен пікір берушілердің ғылыми дәрежелері, академиялық тәжірибесі және кәсіби құзыреттілігі бітіру жұмыстарын сапалы орындау мен объективті бағалауды қамтамасыз етуге жеткіліктілігі туралы айтылды.

### **Шешім 2.1:**

Дипломдық жоба тақырыптары, жетекшілері, пікір берушілері бекітуге ұсынылсын және тақырыптардың өзектілігі мен білім беру бағдарламасына сәйкестігі назарға алынсын.

**Үшінші мәселе** Білім алушыларды оқыту мен білімін бақылаудың автоматтандырылған құралдарын оқу-әдістемелік және дидактикалық материалдар мен бағдарламалық өнімдерді әзірлеу және оқу процесіне енгізу бойынша сөз алған Г.Ниязова тарапынан оқу процесінде білім алушыларды оқыту мен білімін бақылаудың автоматтандырылған құралдарын қолдану оқу нәтижелерінің объективтілігін қамтамасыз ететіні және білім беру сапасын арттыруға ықпал ететіні атап өтілді. Әзірленген оқу-әдістемелік және дидактикалық материалдар, сондай-ақ бағдарламалық өнімдер цифрлық білім беру ортасының талаптарына сәйкес екені көрсетілді. Аталған құралдарды оқу процесіне жүйелі түрде енгізу қажеттілігі аталды.

### **Шешім 3.1.**

Әзірленген автоматтандырылған құралдарды оқу процесіне кезең-кезеңімен енгізу ұсынылсын және оқу-әдістемелік және дидактикалық материалдарды жетілдіру жалғастырылсын.

**Төртінші мәселе бойынша** білім алушылардың құзыреттерді меңгеру деңгейін бағалаудың факультетте жүзеге асырылу жағдайын талдау мәселесі бойынша сөз алған А.Баялы факультетте білім алушылардың құзыреттерді меңгеру деңгейін бағалау жүйесі ішкі сапаны қамтамасыз ету жүйесінің талаптарына сәйкес жүзеге асырылып отырғанын атап өтті. Бағалау нәтижелері білім беру бағдарламаларының күтілетін оқу нәтижелерімен өзара байланыста талданатыны көрсетілді. Құзыреттерді бағалау тетіктерін жетілдіру бойынша ұсынымдар беру қажеттігі айтылды.

### **Шешім 4.1:**

Құзыреттерді бағалау жүйесіне жүргізілген талдау нәтижелері назарға алынсын.

**Бесінші мәселе бойынша** Кафедра меңгерушісі А.Аманов кафедрада оқытылатын пәндердің оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыз етілу деңгейі нормативтік талаптарға сәйкес келетіні атап өтілді. Сонымен қатар білім беру процесінің тиімділігін арттыру мақсатында көрнекі оқу құралдарын (макеттер, модельдер, демонстрациялық стендтер және т.б.) жаңарту және заманауи форматта әзірлеу қажеттілігі негізделді.

### **Шешім 5.1:**

Пәндердің оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыз етілу деңгейі қанағаттанарлық деп танылсын және көрнекі оқу құралдарын жобалау және дайындау жұмыстары жалғастырылсын.

**Факультеттің Оқу-әдістемелік  
комитет төрағасы**



**Г. Ж.Ниязова**

**Хатшы**



**О.Д.Меирбекова**